

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлға

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Орындаушы: _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Телефон нөмірі: _____

Есепке қол қойылған күн 20__ жылғы " __ " _____

Ескерту: әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

--

Репо, кері репо операциялары
туралы есеп нысанына
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Репо, кері репо операциялары туралы есеп

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) әкімшілік деректерді жинауға арналған "Репо, кері репо операциялары туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Екінші деңгейдегі банктер Нысанды ай сайын есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша жасайды. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлғалар және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан есепті күнге мәміленің (тура немесе автоматты) тәсілін көрсетумен ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықта репо операцияларында қатысушы бағалы қағаздардың барлық түрлері бойынша беріледі.

6. 7-бағанда ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылған мәмілелер бойынша сауда-саттықты ұйымдастырушылар берген нөмір көрсетіледі; ұйымдастырылмаған нарықта жүргізілетін мәмілелер бойынша репо шартының нөмірі көрсетіледі.

7. 17-бағанда бағалы қағаздарды пайдалану құқығы мәміле тараптарының қайсысына тиесілі екені көрсетіледі.

8. 1-жолдағы жиынтық сома осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есептің 15, 21, 27-бағандарының жиынтық сомасына сәйкес келеді.

9. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.